

более или менее автоматически выявлять и корректировать неправильные или неудачные решения, не позволяя им серьезно нарушать устойчивость глобальных рынков или, тем более, глобальной экономики. Трудно себе представить, что при том объеме информации и знаний, который, как утверждается, лежит в основе современной экономической науки и науки управления, невозможно сконструировать систему, которая была бы в той же степени защищена от человеческой ошибки, в какой таковыми являются сегодня многие сложные технические системы. В 2008 году финансовый кризис потряс всю мировую экономику. Сейчас, спустя столько времени, люди задаются вопросом, что изменилось с тех пор, и как избежать подобного экономического кризиса в будущем.

Список использованных источников

1. Г.А. Явлинский. Рецессия капитализма – скрытые причины.
2. Ю.В. Чудодеев ИВ РАН Мировой финансово-экономический кризис как вызов для Китая
3. //https://expert.ru/2020/04/10/srednij-klass-razmenyali-na-paternalistov/
4. //https://www.binance.vision/ru/economics/the-2008-financial-crisis-explained
5. //https://nv.ua/opinion/recommends/globalnyy-finansovyy-krizis-2020-est-li-reshenie-50040692.html

ӘОЖ 327.1

СИРИЯ ШИЕЛЕНІСІНДЕГІ ИРАН РӨЛІ

Картбаев Акылжан Мирханович

akylzhan.kartbayev@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті

Халықаларық қатынастар факультетінің магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Джумадилова Г.М.

Реализм көп жылдар бойы мемлекеттердің іс-әрекеттері мен шешімдерін талдаудағы басты тәсілдердің бірі болды. Реалистер мемлекеттерді анархистік жүйенің рационалды субъектісі ретінде, және де өз қызығушылықтарына барынша қол жеткізгісі келетін субъект ретінде қабылдайды. Сондықтан-да, Ислам Республикасының Сириядағы сыртқы саяси бағытын айтқанда реализм барынша сәйкес келеді. Себебі Иранның Сириядағы саясаты аймақтағы оқиғаларға байланысты өзгеріп отырды. Басында Иран Сирия шиеленісіне өзінің кво-статусын сақтап қалу мақсатында ғана араласса, кейінірек Сирияда орын алған оқиғалардың өзгеруіне байланысты саясаты өзгеріп отырды.

Иран-Сирия осі күштер тепе-теңдігі теориясына сай құрылған қорғаныш одағы болып табылады. Теория бойынша, мемлекеттер ресурстары қауіп төндіруі мүмкін мемлекетке немесе коалицияға қарсы альянс құрады:

1. Өздерінің қауіпсіздігін сақтап қала алады;
2. Әлсіз мемлекеттермен біріге отырып жүйе ішінде мықты одақ құра алады.

Шыңымен де, Ислам революциясынан кейін пайда болған Иран-Сирия осі – Израиль, Ирак және АҚШ-тың ықпалына қарсы құрылған болатын. Сондықтан да, Башар Асадтың билікте қалуы Иран үшін өте маңызды болып отыр.

Сонымен, Иранның жалпы сыртқы саясатының қалыптасуына келетін болсақ – Ислам Республикасының геополитикалық ұтымды орналасуы: Парсы шығанағына, Каспий теңізіне және де Кавказдық маршрутқа шығу мүмкіндігі болуынан өзінің шекаралас мемлекеттері мен ұлы державаларды қызықтырған. Каджар кезінен-ақ Иранның байлығына көптеген мемлекеттердің көзі түскен. Сондықтан да, байырғы кезден бастап Иранның сыртқы саяси бағыты аймақтық және әлемдік күштердің ықпалына қарсы қалыптасты.

Осылайша, жоғарыда көрсеткен ақпараттарға байланысты Иранның сыртқы саясатын хронологиялық және теоретикалық талдау негізінде анықтайтын боламыз.

Иранның сыртқы саяси бағытының қалыптасу үдерісін 3 хронологиялық шеңберге бөлеміз:

Хронологиялық шеңбер атауы	Қамтитын жылдары
Пехлеви дәуірі	1925-79 жж.
Постреволюциондық дәуір	1979-2001 жж.
11-қыркүйектен кейінгі Ислам Республикасының сыртқы саясаты	2001жж – қазіргі кезге дейін

Кесте-1. Иранның сыртқы саяси бағытының қалыптасу үдерісінің 3 хронологиялық шеңбері [автормен құрастырылған]

Иранның сыртқы саясаты прагматикалық және конструктивистік перспективалар арасында ауытқып отырғансын – берілген контекстердің әрқайсысы реалистік және идеологиялық тәсілдерге сай келеді.

Мухаммед Реза-шахтың модернизацияланған султанизм билігі исламның бірден-бір маңызды бөлігі болып табылаты. Алайда, Иранның қызығушылықтары Пехлеви билігінің жеке қызығушылықтарына байланысты анықталған болатын. Мухаммед Реза-шах пен оның әкесі сесаництерден кейін Сефевидтердің патшасы ретінде өздерінің билігін құрды. Сондықтан да, Пахлави династиясының билігі реализм мен қызығушылықтарының максимизациясы теорияларына сәйкес келеді.

Иранның ең танымал тарихшылардың бірі – Аббас Милани да реалист болып табылады. Милани өзінің еңбектерінде Пехлави династиясы кезіндегі, халықаралық және жергілікті акторлардың араласуымен болған ирандық ойынды жан-жақты зерттеген. Мысалы, Миланидің айтуы бойынша, екінші дүниежүзілік соғыс кезінде ұлттық қызығушылықтарын сақтау мақсатында Реза Шах Гитлермен стратегиялық қарым-қатынас орнатқан. Осылайша, өзінің парсылық ұлылығынан бас тартып, арийлік мифтерге жақындығын алдыға тартып – мемлекет атын Иран деп өзгерткен болатын. Сонымен, Пехлеви дәуірінде Шах өзінің билігін және қызығушылықтарын сақтап қалу мақсатында одақтастар арасында ауытқыған. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Гитлермен одақтас болса, соғыстан кейін Батыс мемлекеттерімен жақындасқан.

Мухаммед Реза-шах ашық батыстық саясат жүргізіп, аймақтағы саяси, әскери және экономикалық артықшылыққа ие болғысы келді. Осы мақсатта Шахқа – ауқымды қаржылай көмек, қару-жарақ пен жаңа технологиялар қажет болды. Осылайша, Иран толықтай батыстық саясат жүргізе бастаған, себебі Батыс мемлекеттері мен АҚШ Иранның жаңа технологиялармен да, қару-жарақпен да, және де ауқымды қаржылай көмекпен да қамтамасыз ете алатын. Шахтың Иранның аймақтағы басты күшке айналдыру саясаты АҚШ-тың қызығушылықтарына да сай келді. Бұл АҚШ үшін өте ұтымды геосаяси жағдай еді.


Алайда, Шахтың “вестернизм” мәдени саясаты мен шетелдіктерге Иран байлығын игеруде артықшылық беруі – мемлекет ішінде наразылық тудырып, 1979 жылы әлемді дүр сілкіндірген Ислам революциясы орнады.

Иран Ислам Республикасының құрылуымен жаңа басшылық батыстық саясаттан бас тартып, исламдық даму бағытын таңдаған болатын. Хомейни басшылығымен Иран: АҚШ одағынан бас тартып, әскери келісімдерін жойып, Ирандағы АҚШ базаларын ликвидациялаған. Сонымен қатар, Оманнан Иран әскері шығарылынып, Египет және Израильмен қарым қатынасын тоқтатқан. Осылайша, Иран тәуелсіз сыртқы саяси бағытын қабылдап, қосылмау қозғалысын алға тартты. Сонымен қатар, Иранның “әлемдік ислам

республикасын орнату” және де “әлемдегі исламдық уманы құру” лозунгтерін алға тартуы: бірқатар араб мемлекеттерімен жағдайдың ушығуына алып келді.

Сонымен, Исламдық революция Иранның саяси бағытын ғана емес, сонымен қатар халықаралық державалар мен Таяу Шығыс мемлекеттерінің аймақтағы саяси бағытын өзгерткен болатын. Күштер тепе-теңдігі бұзылып, жаңа коалициялар құрыла бастады. Осы таңда, көптеген ғалымдар революцияны қалыптастырған факторларды зерттеген болатын. Марьям Панах Хомейнидің антибатыстық, антиимпериалистік риторикасы – діни және мәдени салалардың бұзылуынан емес, әлеуметтік теңсіздіктің шарпуынан күш алды деп пайымдайды. Шыңымен де, билікке қарсы наразылық толқуларының пайда болу мүмкіндігін Хомейни көтерілісіне дейін де анықтауға болатын еді.

К. Рамзани Исламдық революциядан кейінгі Иранның сыртқы саясатының басты бағыттарын анықтап, көрсеткен болатын:



Сурет-1. Исламдық революциядан кейінгі Иранның сыртқы саяси бағыттары [автормен құрастырылған]

Идеологиялық парадигманың Иранның сыртқы саяси бағытының қалыптасуына әсерін – Имад Слами мен Занубия Отман зерттеген болатын. Зерттеушілердің айтуынша Иран билігі реалистік саяси бағытқа сай, өздерінің бәсекелестікке қабілеттілік күшін арттырған болатын. Осы таңда, неге Иран өзінің мемлекеттік құрылымы мен халықаралық интерациясын жақсартпай, Таяу Шығыс аймағындағы ықпалына басты мән берді деген сұрақ туады. Авторлардың айтуынша, біріншіден, Иранның Хомейни ұсынған шииттік толқыны бүкіл Таяу Шығыс аймағында жалғасу мүмкіндігі болғандықтан, екіншіден, биполярлы жүйе кезеңіндегі аймақтағы АҚШ пен КСРО ықпалының ауытқуы барысында өзінің қауіпсіздігін сақтап қалу қажеттілігінен – аймақтағы ықпалына басты мән берді.

Алайда, 1995 жылғы Мухаммед Хатамидің президенттілігімен Иранның сыртқы саяси бағыты біршама модернизацияланып, сыртқы шешімдер қабылдаудағы жаңа дәуір ретінде қабылданды. Хатам билігімен Иран сыртқы саясатына біршама жаңашылықтар енгізілген болатын. Ол бірқатар араб мемлекеттерімен қарым-қатынасын жақсарту мақсатында – АҚШ-пен, Сауд Арабиясымен және де Ливандағы шииттік қауыммен байырғы қарым-қатынасын қалыпқа келтіруге тырысқан. Хатамидің сыртқы саясаттағы алға тартқан принциптері:


1. Аймақтық және халықаралық дәрежеде сенімділікті арттыру;
2. Сыртқы саяси мәселелерді шешу мақсатында мемлекеттермен келіссөздер жүргізу;

3. Антиирандық саясатты жою мақсатында конференцияларға қатысу және де халықаралық ұйымдармен тығыз қарым-қатынас орнату;
4. Иран ислам әлемін бейбітшілікті, әділеттілікті және де халықаралық дәрежедегі келіссөздерді алға тартатын мемлекет ретінде көрсету;
5. Шетелдегі ирандықтарды Ислам Республикасының ішкі саясатына жұмылдыру және потенциалын қолдану;
6. Иран Ислам Республикасының сыртқы саясатын халықаралық нормаларға сай қайта құру.

Осылайша, билікке келген реформисттер басқа мемлекеттермен шиеленісті халықаралық келіссөздер нәтижесінде шешіп, жаңа сыртқы саяси бағытын дамытқысы келді

Алайда, Аятолла Али Хомейни АҚШ-пен қандай да бір қарым-қатынас орнатылмайтының жариялап, меджлистің 130-дан астам депутаты Хатамидің бағытына қарсы шыққан. Осылайша, Хатами Иран мен АҚШ арасындағы қандай да бір қарым-қатынас орнатылмайтының жариялауға мәжбүр болған.

Бірақ-та, 11-қыркүйек оқиғасынан кейін аймақтағы күштер тепе-теңдігі бұзылып, Иран мен Сауд Арабиясы арасындағы қарым-қатынас түпкілікті ушықты. Иранның ішкі және сыртқы саясатына қауіп төніп, Иран өзінің қауіпсіздік аймағын қалыптастырған болатын:



Сурет-2. Иранның қауіпсіздік аймағына кіретін мемлекеттер [автормен құрастырылған]

Осылайша, Ахмадинежадтың билікке келуімен Иранның сыртқы саяси бағыты одан әрі исламдық бейне алды. Жалпы Ислам Республикасының Ахмадинежад билігі кезіндегі принциптері:

1. Мемлекеттің ядролық құғын алға тарту;
2. АҚШ-тың халықаралық және аймақтық сыртқы саясатымен келіспеушілігін алға тарту;
3. Исламдық революция идеясын алға тартып, Израиль ықпалына қарсы тұру;
4. Ливан мен Палестинадағы исламдық қозғалысқа толықтай қолдау көрсету;
5. Ресей мен Қытай арасындағы қарым-қатынасты алға тартып, дамыту;

Сонымен, Ахмадинежад президентілігі кезіндегі сыртқы саясат революцияны дамытып, тарату негізінде құрылған.

Алайда, Хасан Рухани президентілігімен Иранның сыртқы саяси бағыты біршама өзгеріске ұшырады. Рухани билікке келуімен Хомейнидің Сириядағы саясатына араласпай, сыртқы экономикалық бағытқа басты мән береді. Рухани ядролық келісімді алға тартып, Батыс мемлекеттерімен қарым-қатынасты жақсартуға көшеді. Ядролық келісім жоспары ирандық көптеген саясаткерлер мен халық ішінде қолдау тауып, мемлекетті осы бағытта біріктірген болатын. Рухани мен Хомейни ядролық келісім жайлы ортақ ойы – Иранның ядролық келіссөздерге дайындығы мен мәселелердің халықаралық ұйымдар шеңберінде шешуге ұмтылысын көрсетті. Бастапқыда, нәтижелі аяқталу мүмкіндігі болған келісім – АҚШ президентілігіне Дональд Трамптың келуімен түпкілікті кері бағыт қабылдады. АҚШ-

тың біртарапты ядролық келісімнен бас тартуы, Иранға жаңа экономикалық санкцияларын кеңейтуі, Ислам Республикасымен халықаралық дәрежеде келісімге келу мүмкіндігін жоққа шығарды. Осылайша, қазіргі таңда Иран ядролық программасын қайта іске қосып, АҚШ және Батыс мемлекеттерімен келіссөздерін толықтай тоқтатты.

Болжамды қорытындылай келе, Иран басшылығы Ресей секілді Сирияда әскери және саяси жағдайды өз қолына ала алмайтындығын түсініп, тек өзінің шииттік содырлары арқылы мемлекет ішіндегі ықпалын орнатып, өзінің негізгі қарсыластарына төтеп бермек. Осы мақсатта шииттік топтар арқылы Тегеран-Багдад-Дамаск-Бейрут сызығын құрып, аймақтағы Сауд Арабия, жергілікті күрдтер мен Израиль ықпалын әлсіретеді. Сонымен қатар, осы шииттік сызығы арқылы ИГИЛ сияқты террористік ұйымдардың пайда болуын алдын алады. Өзінің саяси және әскери қадағалауында осындай жолды қолданғанымен, Иран Ресейдің экономикалық жағдайын пайдалана – Сирияда экономикалық монополия орнатпақ. Иран-Латакия теміржол торабы мен Латакия порты арқылы негізгі сауда-саттық және заңсыз экономикалық іс-әрекеттерін жүзеге асырады. Бұл өз кезегінде: Сириядағы сауда-саттық процесстерді қадағалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Иран Сирияның тығырыққа тірелген жағдайын пайдалана отырып, Сириядағы мұнай-газ кең орындарын өз қолына өткізеді. Осылайша, Иран Сириядағы мұнай-газ монополиясын орнатады. Және де Джихангири жеткен келісімдер нәтижесінде құрылыс, электро қуат және т.б. сфераларда өзінің артықшылығын орнатады. Сонымен, Иран Сирияда шииттік содырлар арқылы қауіпсіздік сызығын орнатып, мемлекет ішілік экономикалық монополияға қол жеткізбек.

Мақаламызды қорытындылай келе, Иранның Сириядағы стратегиясын анықтау барысында өзінің идеологиялық көзқарастарын ысырып, реалистік көзқарастарын алға тартқанын көріп отырмыз. Хомейниантибатыстық саясат жүргізгенімен, шиит қауымын сунниттерге қарсы қоюдан аулақ болды. Осылайша, Хомейни аймақтағы суннит-шиит қақтығыстарының ушығуын алдын алған болатын. Алайда, оқиғалардың шарықтау шегіне байланысты Иран өзінің стратегиялық бағытын өгертіп отырды. Осылайша, ИГИЛ-дің Сирия аймағында күшеюі – Иранның идеологиялық көзқарастарына қарамай, Батыс мемлекеттермен келіссөздер орнатып, ортақ іс-әрекет етуге дайындығын көрсетті. Сонымен, Иранның Сириядағы стратегиялық бағыты оқиғаларға байланысты өзгеріп отырғанымен, өзінің қорғаныш доктринасынан айтарлықтай ауытқымағанын көріп отырмыз. Алайда доктринасы өзгеріске ұшырамағанымен, оны сақтап қалу және жүзеге асыру әдістері біршама өзгеріске ұшырағанын байқай аламыз. Ислам Республикасы Иракта тек шииттік содырлар мүмкіндіктері мен ықпалын күшейтумен айналысса, Сирия шиеленісінде КСИР арқылы біршама ашық әскери ықпалын тигізген болатын. Иран қарсылас террорлық ұйымдармен тартыста жеңіске жеткенін және Сирия мен Ирактағы ықпал ету аймағын сақтап қалғанын көріп отырмыз. Тіпті, ИГИЛ-дің Ирактағы ықпалы айтарлықтай өскенімен, Иран Сирия территориясындағы жүргізіп отқан әскери іс-шараларының кезектілікпен орындау ықпалынан бір сәтке де бас тартпады. Осылайша, Ислам Республикасының прокси-топтарының кеңейтілуі мен ықпалының өсуі – Иранның шетелде қарапайым соғыс жүргізу мүмкіндігінің жоғары екенін дәлелдеді. Сонымен қатар, мәселелік ағаш талдау нәтижесі бойынша, аймақтағы Иран мүдделері КСИР арқылы орындалатыны анықталған болатын.

Террористік ұйымдарды зерттеу барысында – Иранның Сириядағы басты қарсыласы ИГИЛ күштері екендігі анықталды. ИГИЛ ықпалынан Асад режимінің құлатылуы – Иран-Ирак соғысынан кейінгі Ислам Республикасының ең үлкен стратегиялық жеңілісі болатын еді. Сондықтан-да, Ислам Республикасы ИГИЛ-ге қарсы Ресей Федерациясымен одақтаса, террористік ұйымның аймақтағы ықпалына қарсы бар күшін жұмылдырды. Тегерандағы терактан кейін, 2017 жылы ИГИЛ-дің Дейр-Эззоре елді мекенінде орналасқан күштеріне 6 баллистикалық ракеталарын бағыттауы – Иранның мемлекеттік қауіпсіздігін сақтау мақсатында тікелей кикілжіңге түсе алатынын көрсетті. Бұл бүкіл қарсыластарына үлкен қауіпті белгі болды.

Иран шиеленіс барысында Сирия аймағында ұтымды саяси жағдайға ие болғанымен, үлкен экономикалық шығынға тап болды. Шиеленіс басталғаннан бері, Сириядағы

қызығушылықтарын сақтап қалу мақсатында жыл сайын 20 миллиардтай қаржы шығындауы, АҚШ санкцияларының кеңеюі – Иран экономикалық жағдайын үлкен дағдарысқа алып келді. АҚШ санкцияларының іске қосылуымен – Иран экономикалық рыногі шектеліп, үлкен түсімнен айырылған. Алайда, Иран басшылығының шиеленістің басталуымен Сирия экономикасында артықшылыққа ие болуы және де жаңа экономикалық жобаларын дайындауы: Сирия экономикасында монополия орнатып, шығындарын қайта қалпына келтірмек.

Қорытындылай келе, Иран Сирия шиеленісіндегі болашағын реалисті көзқараспен қабылдайтындығына көзіміз жетті. Болжам негізінде, Иран Сириядағы саяси жағдайды халықаралық дәрежеде өз қолына ала алмайтындығын түсініп, өзінің прокси топтары арқылы болашақ саяси қадағалау тетіктеріне ие болып, негізгі қарсыластарына төтеп берметігін анықтадық. Сонымен-қатар, осы тетіктері арқылы Тегеран-Багдад-Дамаск-Бейрут ықпал ету сызығын құрастырып, Таяу Шығыс аймағындағы Сауд Арабиясы мен Израиль ықпалын шектемек. Және де болжам барысында, Иран ықпал ету сызығы арқылы террористік ұйымдардың ықпалының өсуі мен пайда болуын алдын алатанын анықтадық. Алайда, Иран саяси қызығушылықтарын айтарлықтай шектегенімен, экономикалық салада басты ойыншыға айналмақ. Жалпы Ресейдің Сириядан тыс экономикалық жобаларының қызығушылықтарын қорғауы – Иранға экономикалық монополия орнатуға мүмкіндік бермек. Осылайша, қазіргі таңда Иран: теміржол, теңіздік порт, сауда-саттық, мұнай-кең өндіру, құрылыс және т.б. экономикалық басым салаларда ұтымды келісімдерге ие болып, оның экономикалық мүмкіндіктерін кеңейтуде. Сонымен, болжам негізінде – Иран Сирияда шииттік ықпал ету сызығы арқылы саяси және әскери қызығушылықтарына қол жеткізіп, Сирия экономикасындағы ұтымды келісімдері арқылы басты ықпал етуші күшке айналатындығын анықтадық.

Қолданылған әдібеттер тізімі

- 1 RUSI (2016) Understanding Iranian Role in the Syrian Conflict; p.11
- 2 Henner Fürtig (2013) Iran and the Arab spring: Between expectations and disillusion p.17
- 3 Smyth, P (2015) The Shiite Jihad in Syria and its Regional Effects p.5
- 4 Sindawi, K (2009) “The Shiite Turn in Syria” Current Trends in Islamist Ideology volume 8. p. 29
- 5 Ситуациялық карта: <http://www.arab-army.com/t124750-topic>
- 6 Eastoe. S, Phillips. J, Scarano.M, Sajekaitе.M (2017) Dynamics of Russo-Iranian collaboration in Syria and its impact on their wider relationship p.4
- 7 Сирия шиеленісіндегі акторлар арасындағы қолдау көрсету және қарсыласу картасы: <https://www.newturkey.today/terror/The-free-for-all-in-Syria.html>
- 8 Fulton. W, Holliday. J, Wyer. S (2013) Iranian Strategy in Syria p.22
- 9 McInnis, J (2016) Iranian Deterrence Strategy and Use of Proxies; p.4
- 10 Bunzel, C. (2015) From Paper State to Caliphate: The ideology of the Islamic State. States News Service (2015); p.15
- 11 Vatanka, A (2017) Iran’s Islamic State problem isn’t going anywhere, Foreign Policy
- 12 Иран ЖІӨ-нің толқу үдерісі статистикасы: <https://knoema.ru/atlas/Иран/ВВП>
- 13 Иран жұмыссыздық деңгейінің толқу үдерісі: <https://ru.actualitix.com/country/irn/ru-iran-unemployment-rate.php>
- 14 Иран инфляция деңгейінің өсу диаграммасы: <https://en.radiofarda.com/a/iran-s-economy-in-2018-pressure-of-sanctions-and-fear-of-recurrent-unrest/29675965.html>
- 15 Иранның Хезболаны заңсыз қаржыландыру операциясы: <https://www.state.gov/documents/organization/286410.pdf>
- 16 Иран ракеталарының ұшу қашықтығы картасы: http://news.bbc.co.uk/2/hi/middle_east/7499601.stm